

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қорғаныс комитетінің республика территориясында әскери қызметті өткеру тәртібін анықтаудағы өкілеттігі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 7 ақпан 1992 ж. N 604. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы территориясында әскери қызметті өткеру тәртібін анықтау мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қорғаныс комитетіне 10040 әскери бөлімнің командирімен бірлесе отырып, территорияларында қызмет өткеріп жүрген мемлекеттерге ант қабылдаудан бас тартқан және осы себеппен өздерінің әскери бөлімдерін тастап кеткен мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді - Қазақстан Республикасының азаматтарына бұдан былай республиканың территориясындағы әскери бөлімдерде қызметін өткерту және орналастыру мәселесін шешу хұқы берілсін.

2. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан әскерлерде, әскери-құрылыс бөлімдерінде, мекемелерде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Қарулы Күштері қатарында 1,5 жылдан астам қызмет өткерген, жекелеген достастық мемлекеттеріне ант қабылдаудан бас тартқан және сол себеппен өздерінің әскери бөлімдерін тастап кеткен мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер - Қазақстан Республикасының азаматтары осыған қосылған есепке сәйкес запасқа шығарылсын.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қорғаныс комитетінің Төрағасы бұдан былай осы тармақта аталған әскери қызметшілер категориясын міндетті әскери қызметтен запасқа шығару мәселелерін өздігінен шешетін болсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған кезінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің

1992 жылғы 7 ақпандағы

N 604 Жарлығына

Қосымша

Тәуелсіз мемлекеттердің территориясынан келген, запасқа шығарылатын мерзімді қызметтегі әскери

**қызметшілердің - қазақстандықтардың (әскери-құрылыс
бөлімдерінде қызмет өткерген әскери қызметшілер)
е с е б і**

(Кесте)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК